

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 мамырдағы N 485 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат; N 24, 164-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 22, 789-құжат; N 23, 916-құжат; 2001 ж., N 10, 126-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж. N 11, 71-құжат; 2004 ж., N 11-12, 65-құжат; N 18, 111-құжат):

9-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын жекелеген мемлекеттік білім беру саласындағы кәсіпорындарының бірінші басшыларын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 13, 429-құжат; N 23, 927-

құжат; 2001 ж., N 13-14, 173-құжат; N 24, 338-құжат; 2004 ж., N 18, 111-құжат; N 23, 142-құжат):

1) 30-баптың 19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"19) Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарының бірінші басшыларын қоспағанда, ведомстволық бағынысты мемлекеттік білім беру саласындағы ұйымдарының бірінші басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;"

2) 3 4 - б а п т а :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарының бірінші басшыларын қоспағанда, білім беру ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

Бірінші басшыларын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарының тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді."

5-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарының бірінші басшыларын аттестаттаудан өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды."

3. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 9, 95-құжат; 2004 ж., N 14, 83-құжат; N 17, 101-құжат; 2005 жылғы 16 сәуірде "Егемен Қазақстан", "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі Заңы):

27-1-баптың 1-тармағының 26) тармақшасы "акциздік маркаларды" деген сөздерден кейін ", білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті